

ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 22.01–26.01

Күн тәртібі	Дүйсенбі 22.01	Сейсенбі 23.01	Сәрсенбі 24.01	Бейсенбі 25.01	Жұма 26.01
Балаларды қабылдау	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүрлер туралы жеке әңгімелер, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру.				
	<p>Психогимнастика «Қысқы көңіл-күй» Мақсаты: эмоционалды әлемді дамыту, көңіл-күйінді білдіре алу. «Аралар» саусақтармен ойнау. Ара тәттініжақсы көреді. Олар тәттіге қарай ұшады. Егер олар қаласа, аралар шағып алады.</p>	<p>Таңғы айналым. «Сен менің досымсың, мен сенің досыңмын» Мақсаты: бір-біріне қатысты жағымды эмоцияларды білдіру. Еңбек тапсырмасы: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау. «Қар тапсырмасы» Ойынға қатысушылар шеңберге тұрып, шеңбер бойымен береді.</p>	<p>Таңғы айналым. «Міне, біз қандай үлкенбіз» Мақсаты: өзіне деген сенімділікті дамыту. Этюд «Мысық». Мақсаты: эмоциялар мен жеке қасиеттерді білдіру. «Қар ұшқыны сияқты ұштық, айналдық» еліктеу ойыны</p>	<p>«Суретшілер» психогимнастикасы (отбасылық портретті салу) Мақсаты: балалардың эмоционалды әлемін дамыту. «Отбасы» саусақ ойыны 1,2,3,4 – бізде пәтерде кім тұрады?</p>	<p>Таңғы айналым. «Күн күлімдеді» мақсаты: қарым-қатынас қиындықтарын жеңуді дамыту. «Үш аю» дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды кеңістіктегі шындықты байланыстыруға үйрету</p>
Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу	Баланың агрессивтілігі және онымен қалай күресу керектігі туралы ата-аналармен әңгімелер. Сауал бойынша жеке кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеуіс-әрекеті, кітаптар қарау және басқалар)	<p>«Оқиғалар тізбегі» дидактикалық ойыны Мақсаты: ерікті зейін дағдыларын жетілдіру. (Сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу) «Жаңа орындар бойынша» аз қимылды ойын. Мақсаты: моторлы-қозғалыс зейінін бекіту; қозғалыс жылдамдығын дамыту. (Дене шынықтыру) «Жүп сурет» ойыны Мақсаты: суреттерде бейнеленген заттарды ұқсастықтарды табуда және бірдей суреттерді таңдауда</p>	<p>«Жеуге жарамды-жеуге жарамсыз» дидактикалық ойыны (доппен) Мақсаты: зейінді қалыптастыру; заттардың негізгі, маңызды белгілерін бөліп көрсету қабілетін дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Ұқсастықтар» ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту) «Ертегіде қонақта» үстел үсті ойындары</p>	<p>«Қорап» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды түсіне қарай көзбен байланыстыру қабілетін жетілдіру. (Математика + шығармашылық) «Тап және айналып өт» аз қимылды ойыны Мақсаты: есту арқылы жадында көлемді немесе жазық заттарды анықтау және қалпына келтіру қабілетін жетілдіру. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Іздеу және табу» үстел үсті ойындары</p>	<p>«Мен істей аламын – істей алмаймын» дидактикалық ойын Мақсаты: өз денесінің дағдылары мен физикалық мүмкіндіктерін дамыту; өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру) «Суық – ыстық» аз қимылды ойыны Мақсаты: есту қабілеттерін, физикалық қасиеттерін дамыту. (Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру) Құрылыс материалымен</p>	<p>«Кім көп сөз ойлап табады» дидактикалық ойыны Мақсаты: сөздікті белсендіру; ой-өрісін кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу + математика) «Кім кетті?» аз қимылды ойын Мақсаты: зейінді, тапқырлықты, жетіспейтінді тез таба білу қабілетін жетілдіру. (Дене шынықтыру + математика) Таңдау бойынша үстел үсті-баспа ойындарымен өз бетінше іс-әрекет</p>

	салыстыру қабілетін жетілдіру; ойын ережелерін орындау қабілетіне тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + математика)	Мақсаты: талқылау және шешім табу кезінде басқа балалар мен қарым-қатынас жасау. (Математика + сөйлеуді дамыту)	Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді ажырата білуге машықтану. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)	«Таяқшалардан құрастыру» ойыны Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту; балалардың логикалық ойлауын дамыту. (Құрастыру)	
Ертеңгілік жаттығу	Жаттығулар кешені				
ҰІӨ дайындық	Дидактикалық ойын «Сөздерді таңда» Мақсаты: «Боран» сөзіне әрекеттерді таңдау. (Сөйлеуді дамыту)	«Оң, сол» ойын жаттығуы Мақсаты: «қар» жентегін ажырата білуге машықтану. (Математика)	«Мен анама қалай көмектесемін» әңгімесі Мақсаты: өз отбасың туралы сөйлесуге деген ұмтылысты ояту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)	Дидактикалық ойын «Суретші нені ұмытып кетті?» Мақсаты: портреттерге тән ерекшеліктерді ауызша аяқтауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)	«Жұмбақтар сайысы» Мақсаты: логикалық ойлауды, бейнені және оның сипаттамасын салыстыру қабілетін дамыту. «Қар» ойын жаттығуы Мақсаты: қиялды дамыту, жағдайды ойнауға үйрету. (Сөйлеуді дамыту)
Ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Қоршаған ортамен танысу Менің елімнің салт-дәстүрлері Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу. «Үй сыртында қолағаш» ойыны. Балалар дөңгелене қол ұстасып тұрады. Ойын бастаушы орамалды алып, балалардың сыртын айналып жүгіріп, былай дейді: Үй сыртында қолағаш. Желбау тартам, есік аш. Қол ұстасып тұрған балалар қолдарын ажыратпайды. Бұл – есікті ашпағанның белгісі. <i>Ойын бастаушы:</i> Үй сыртында қолағаш.Озамдесең, ала қаш, – деп, өзі таңдаған баланың арқасынан орамал мен соғып қалып, орамалды тастай сала жүгіре жөнеледі. Орамал алған бала қарама-қарсы жақпен жүгіреді. Екі	1.Сөйлеуді дамыту Көшедегі көліктер. Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.Қандай көлік түрлерін білесіңдер?Сурет бойынша көшедегі көлік түрлерін атап шығады. Көліктердің пайдасы туралы әңгімелеу.Сөздік жұмысын жүргізу.Жедел жәрдем, өрт сөндіргіш, сусепкіш.Осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру. Төртіншісі артық дидактикалық ойыны. Көлік түрлерін суреттен көрсетіп, олардың аттарын атайды, артығын тауып айтады және неге артық екенін	1.Сауат ашу негіздері Үнді дауыссыз дыбыстар. Сөздің мағынасын түсіну: сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. Дауыссыз дыбыстар деген не? Дауыссыз дыбыстар қалай белгіленеді? Қатаң дауыссыз дыбыстар қалай жасалады? Ұяң дауыссыз дыбыстар ше? Үнді дауыссыз дыбыстармен, олардың жасалу жолдарымен таныстыру. Балалар біз бүгін дауыссыз дыбыстардың ішіндегі үнді дауыссыз дыбыстармен танысамыз және жасалу жолдарын білетін боламыз. Мен айтқан дыбыстарды айнаға қарап	1. Сөйлеуді дамыту Жеті қазынаның бірі. Балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Тәрбиеші жеті санын неліктен қасиетті екенін мысалдар келтіре отырып, түсіндіреді. Мысалы: жеті ата, жетішелпек, жеті қазына. Жеті қазынаның бірі ертегіні мәнерлеп оқу. Ертегі мазмұны бойынша салынған сурет арқылы мазмұнын түсіндіру. Сөздік жұмыс. Мадақтау-біреудің жақсы қасиетін мақтап, көкке көтеру, дәріптеу. Аластау-біреуді ығыстыру, қуып тастау.	1. Көркем әдебиет Аққала. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Кәзір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілі неше айдан тұрады? Қыста қардан не жасауға болады? Ғ. Орманов Аққала өлеңін жаттау Ауыл алды ақша қар, Ақша қарда балалар. Соғып жатыр аққала. Қыста жерде не жатады? Қардан не жасауға болады? Аққала соғып көрдің бе? Аула сырты, баққа да, Тұрғызамыз аққала. Аққаланы айналып, Би билейміз шаттана. Дидактикалық ойын: Аққала құрастыр. Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Өртүрлі қиып

<p>баланың бұрын жеткені бос орынға келіп тұра қалады. Ойын осылай жалғаса береді. Атадан бала туар, ата жолын қуар. Балалар өмірі – ұрпаққа өнеге. Ұрпақ – тұқым, нәсіл, келешек ұрпақ. Ата-баба – бұрынғы өткен әкелер. Қазақ халқында ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне көп мән берген. Кішкентай балалар өнегелі, тәрбиелі болып өсуі үшін, ұлттық салт-дәстүрді қалыптастырып, мұра ретінде келешек ұрпаққа қалдырып отырған. Салт-дәстүр дегеніміз – белгілі бір рәсім, әртүрлі жағдайларға арналған ұлттық мағынадағы елеулі кезеңдер. «Бесікке бөлеу» ойыны. Тәрбиеші алдын ала дайындаған қуыршақ пен бесікті алып шығады. Бір қызды қасына шақырады. Тәрбиеші бесікке қуыршақты жатқызып, бөлейді, тербетеді. Бесік жырын айтады: «Бесікке бөлеу» кішкентай бала үшін өте маңызды. Баланың сымбатты, денесі түзу болып өсуі үшін, ата-бабаларымыз баланы бесікке бөлеген. Келесі суретте не бейнеленген? «Тұсаукесер» дәстүрі бейнеленген. Ұлттық киімдегі кішкентай бала, ана оның тұсауын кесіп жатыр. Жасы үлкен әжей «шашу» шашып жатыр. Балалар хормен Е. Өтетілеуұлының</p>	<p>дәлелдейді. Мысалы: камаз, тай ота, жигули, мерседес. Жұмбақ тар шешу. Шешулері: пойыз, автобус. Көлік түрлері және не үшін пайдаланылатынын айту. Троллейбус-электр қуатымен жүреді. Ол жолаушы таситын көлік. Трамвай-электр қуаты арқылы рельспен қозғалады. Ол қалада жолаушы таситын моторлы вагон көлік. Толықтыр дидактикалық ойыны. Мысалы: Егер жермен жүрсен бұл... (жер) көлігі. Олар: жеңіл машина, автобус, троллейбус. Егер сумен жүрсен... (су) көлігі. Олар: қайық, кеме, теплоход. Суретті жина дидактикалық ойыны. Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Көліктердің суреттері салынған парақ бірнеше бөлікке бөлініп, екі хатқалтаның ішінде болады. Әр топ балалары қағаз қиықтарын біріктіріп, көлік құрастырады да, сол көлікке байланысты жұмбақ ойластырады. Жұмбақты келесі топтың балалары шешеді. Мысалы: 1. Бұл көлік қалада жүреді. Электр күшімен қозғалады. 2. Ол-вагон көлік. 2. Қазақ тілі Екі лақ ертегісі. Үй жануарлары мен төлдерін</p>	<p>қайталаңдар: л, м, н, ң, р, у, й. Балалар бұл дауыссыздарды айтқанда не байқадыңдар? Бұл дыбыстарды айтқанда көтеруге, созуға, әуенді өзгертуге болады. Қатаң, ұяң дауыссыз дыбыстарға қарағанда үнді дауыссыз дыбыстар дауыс шымылдығының қатысуымен жасалады, салдырға қарағанда үн басым шығады. Сондықтан да үнді дауыссыз дыбыстар деп аталады. Үнді дауыссыз дыбыстарды айтқанда сөйлеу мүшелерінің (тіл, ерін, жақ) бір-біріне жуықтауы, түрленуі, көлемін өзгертуі көмей арқылы келген ауаға пәлендей кедергі бола алмайды. Дауыссыз қатаңдар да мүлде үн болмаса, ұяңдардың үнінің қатысы жартылай болатынын біз білеміз, ал үнді дыбыстарда бәсең үн болады. Дауыссыздардың үн сапасында жаңғырық болмайды. «Кім көп сөз айтады» дидактикалық ойыны Балалар, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз айтуларың керек. Кім көп сөз ойлап айтады, соған фишка беріліп отырады. Ойын соңында жеңімпаз анықталады. Тәрбиеші балаларға көмек ретінде тақтаға үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын бір</p>	<p>Жағымпаздана жағыну, жарамсақтану, жалбақтау. Сұрақ-жауап әдісі арқылы ертегінің мазмұнын ашу. -Аң патшасы-Арыстан ормандағы аңдарға қандай сұрақтар қойды? -Аңдар қалай жауап берді? -Арыстан неге ашуланды? -Иттің жауабын кім айтады? Дүниеде қайратты әрі ақылды да тек – адамзат деп жауап берді. Ит. Жеті қазына туралы мағлұмат беру. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырып, олар 1. Жүйрік ат-қанаты. 2. Қыран бүркіт-қуаты. 3. Құмай тазы-абыройын асырап сенімді серігі. 4. Берен мылтық-қаһарлы оты. 5. Қақпан-серті. 6. Майланғыш ау-әдіс-айласы. 7. Өткір кездік-сұсы. Жеті қазына-жеті ырыс. 1. Адамның ақылы, ой-санасы 2. Денсаулық 3. Ақ жаулық 4. Бала. 5. Көңіл. 6. Жер. 7. Ит. Мақал-мәтел мағынасын түсіндіру. Ақылды адам айтқызбай біледі. Қыран қаққызбай іледі. 2. Қазақ тілі Қысқы киім. Киімінің қазақша атауларымен таныстыру: оларды топтай алуға үйрету.</p>	<p>дайындалған геометриялық қиындықтардан аққала құрастыру. Өздері соққан аққаланың суретін салады. Жұмбақты шеш. Шелек қалпақ басында, Сәбіз екен танауы. Қыста қардан туатын, Тауып көрші сен оны. Аққала. 2. Сауат ашу негіздері Дыбыстық талдау. Сөздің мағынасын түсіну: сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау. «Артығын тап» ойыны. Бас, қол, көз, қас, тас. (<i>тас</i>) Алма, алмұрт, шие, бие. (<i>бие</i>) Шахмат, хоккей, футбол, волейбол, бокс, фокус. (<i>фокус</i>) Пияз, қияр, қызанақ, сәбіз, жүзім. (<i>жүзім</i>) Балға, балта, ара, егеу, шеге, терезе. (<i>терезе</i>) Дыбыстармен жұмыс. «Тізбекті жалғастыр» дидактикалық жаттығуы. Балалар, мен бір сөз айтып, допты біреуіңе беремін, мен айтқан сөз қандай дыбыспен аяқталса, ол сол дыбыстан басталатын сөз ойлап айтады да, келесі балаға допты береді. Мысалы: қала – алмұрт – тарақ – қымыз – зәкір – рауғаш – шопан – нан – нақыл – лақ қала – алма – алтын – нар нәзік – кәмпит – табақ – қант – тоқ –</p>
---	---	---	---	---

<p>«Тәй-тәй» өлеңін айтады. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды. «Ашамай». Жаңағы кішкентай бала өсіп, 5–6 жасқа келді. Үлкендер оған жеке тай атап, ашамай (тайға арналған кішкентай ер-тоқым) істетіп, қамшы өріп, «Сен азамат болдың» деген сенім ұялатып, үйретілген жуас тайға әсем ашамай ерттеп, баланы тайға мінгізіп, жүргізеді. Осы қуанышта атасы бата береді. Дәптермен жұмыс. Суретте халқымыздың қандай дәстүрі бейнеленген? Бұл дәстүр қай кезде орындалады? Әңгімеле. Суреттерге кара.«Тұсаукесер» дәстүріне қажетті заттарды қорша. Ер баланы алғаш рет атқа мінгізу дәстүрі қалай аталады? Ол туралы үлкендерден сұрастыр, әңгімеле. Атты ертеуге қажетті заттарды белгіле.</p> <p>2.Сауат ашу негіздері</p> <p>Біз дыбыстық талдау жасай аламыз. Сөздің мағынасын түсіну:сөздерге дыбыстық талдау жасау,сөздегі дыбыс тардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.Үш-төрт дыбыстан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасау.</p> <p>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.Дыбыстар нешеге бөлінеді?Дауысты дыбыстар</p>	<p>қазақша тауларымен таныстыру.Сөздік қорларын молайту.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Төлдерін ата және көрсет»</p> <p>Балалар үй жануарларын атап, ойыншықтарды көрсетеді, төлдерін атайды және көрсетеді. Балалар әр дұрыс жауап үшін фишқадан алады, соңында фишқалар саналып, жеңімпаз анықталады.</p> <p>Балалар, ертегіні тыңдап қана қоймаймыз, ертегі кейіпкерлерінің рөлінде өзіміз сахналап көреміз.</p> <p><i>Үнтаспадан ертегіні тыңдаймыз.</i></p> <p>Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап».</p> <p>Ертегі не туралы? Ертегіде неше лақ? Ертегідегі лақтарды сипатта. (Ақ лақ және Қара лақ). Ақ лақ пен қара лақ нелерге жолығады? (Түлкіге, қасқырға)Түлкіден екі лақ қалай құтылады? (Қырдың астында қасқыр күтіп отыр). Қасқырдан екі лақ қалай құтылады? (Арыстан күтіп отыр).Қойшы ата Ақ лаққа не деді?Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады). Қ-қ-қ-қ – лақ-лақ-лақ, Ақ лақ. Қ-қ-қ- қ – лақ-лақ-лақ- Қара лақ. Балалар ертегіні сахналайды.Санамақ арқылы қасқыр, түлкі және лақтардың рөлдері бөлінеді. Балалар</p>	<p>суреттен іліп қояды. Мысалы, <i>лақ, мысық, нан, радио, уық, аң, үй.ң</i> дыбысынан сөздер басталмайтынын ескертеді.</p> <p>Мысалы: «л»– <i>Ләззат, лақ, лаула,люк, лақтыр, лағыл, Ләйлә;</i> «м» – <i>мақта, малта, маймыл, малақай;</i> «н»– <i>нар, Нариман, Нартай, Назгүл, наз, намаз, нақышына келтір;</i> «р» – <i>рауғаш, Рауан, Раушан, риза;</i> «у» – <i>уылдырық, уақ.</i></p> <p>«Дыбыс бер» дидактикалық ойыны</p> <p>Мен сендерге сөздер айтамын, сол сөздердің ішінде үнді дауыссыз дыбыстар кездесе, алақандарыңды соғып шапалақтаңдар.Үй, алма, анар, тат, оқ, ру, бау, сағат, арқан, тарақ, жаңғақ, нан, доп, тор, ми, сый, тый, аң, оң, шаш, тас, ата, әже, тәте, пысық, тышқан, ат т.б.</p> <p>«Сөзге үнді дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық жаттығуы</p> <p>Мен сендерге бірінші сөзді айтамын, ал сендер сол сөзге мазмұны сәйкес келетін, үнді дауыссыз дыбыстардан басталатын сөз жалғауларың керек.</p> <p>Мысалы: <i>сүйкімді ... (мысық), жүйірік ... (лақ), дәмді ... (нан), әдемі ... (раушан), дәмді ... (рауғаш), қағаз ...</i></p>	<p>Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып,айыра білу.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»</p> <p>Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады.Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Қазір жылдың қай мезгілі? (Қыс).Қыс қандай? (Қыс суық). Адамдар қыста жылы киім киеді. Жылы, жы-лы. Жылы киім.Қысқы киім жылы. Қысқы киім ... (жылы). Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды.Интербелсенді тақтада компьютерлік ойын: «Қуыршақты киіндіру»</p> <p>Қуыршақ не киді?<i>Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады.</i></p> <p>Қуыршақ не киді? Қуыршақ күрте киді. Тон, күрте, қолғап, құрақшын, етік – қысқы киім.Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады) Ғ-ғ-ғ- ғал-қолғап- қолғап Ү-ү-ү-үл-күл-кү-лақ-шын.</p> <p>Тақпақ жаттау: Мен естияр баламын, Өзім кие аламын. Көйлегімді, күртемді, Аяқкиім, пәлтемді. Інімді де үйретем, Жөн жобамды көрсетем. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт-сарт Шапалақты соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз,</p>	<p><i>қоңыз т.б.</i></p> <p>«Берілген дыбысқа сөз ойла» дидактикалық жаттығуы.</p> <p>Тәрбиеші сөз ойлап айтқан балаларға жұлдызша беріп отырады, кімде көп жұлдызша болса, сол жеңімпаз атанады.</p> <p>1-тапсырма Тәрбиеші балаларға «и» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларың сұрайды. Мен білемін бұндай сөздерді: <i>ине, инелік, ирек, иық, Иманали т.б.</i></p> <p>2-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «о» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларың сұрайды. Мен бұндай сөздерді білемін: <i>орындық, ожау, омыртқа, оқыс, оқы, ойна, ойын т.б.</i></p> <p>3-тапсырма: Тәрбиеші балаларға «д» дыбысынан келетін сөздер ойлап айтуларың сұрайды. Мен бұндай сөздерді білемін: <i>доп, дақ, домалақ, дорба, дән, диқан, дарын, дария, даң, Дидар, дырылдақ т.б.</i></p> <p>«Сөз жина» дидактикалық жаттығуы.</p> <p>Мен сендерге дыбыстар айтамын, сендер алақандарыңмен кесе жасап, дыбыстарды қағып алып отырыңдар. Айтылған дыбыстарды түсіріп немесе орнын ауыстырып алуға болмайды Жинаған дыбыстарыңнан сөз құрап айтасыңдар. Мысалы: - «а.л.м.а.», – «а.ғ.а.ш.»,</p>
--	--	--	--	--

<p>дың жасалу жолы қандай? Жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолын түсіндір. Жіңішке дауысты дыбыстар жасалу жолын түсіндір? Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді және қалай аталады? Буында неше дауысты дыбыс болады? Дыбыстармен жаттығулар.</p> <p>«Соңғы дыбыстан баста» дидактикалық ойыны. Тәрбиеші балаларға сөз айтады да бір баланы көрсетеді, бала сол сөз қандай дыбыспен аяқталса, сол дыбыстан басталатын сөз айтады, келесі бала жалғастырады.</p> <p>Мысалы: <i>маймыл - лақ - қарбыз - зәкір - радио - от - тауық - қарлығаш - шапалақ - қайық - қасық - қылыш - шаш - шахмат - тамыз - зырылдауық - қант - ту - уық - қу - уәде - емізікт.б.</i></p> <p>«Дұрыс көрсет» дидактикалық ойыны Сөздермен жаттығулар.</p> <p>«Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасындар.</p> <p>Мысалы: <i>ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о),</i></p>	<p>қалпақтарды киеді. Автордың сөзін тәрбиеші айтады.</p> <p>Тәрбиеші : <i>Ақ лақ пен қара лақ әрі жүгіреді, бері жүгіреді.</i></p> <p>Қара лақ: Сен Ақ Лақсың, түк білмейтін ақымақсың. Мені әрлі-берлі сүйреп жүріп, ақыры адастырдың.</p> <p>Тәрбиеші : <i>Ақ лақ әрі ойланып, бері ойланып, жүрген жерлерін еске түсіреді де жүгіре жөнеледі, алдарынан түлкі шыға келеді.</i></p> <p>Түлкі: Әдемі лақтар, менің үйіме қонақ болып кетіндер.</p> <p>Ақ лақ: Түлкі, бізді Қасқыр қонаққа шақырды. Бізбен бірге жүр.</p> <p>Тәрбиеші : <i>Түлкі лақтарға еріп жүреді, алдарынан ақырып Қасқыр шыға келгенде Түлкі қашып кетеді.</i></p> <p>Қасқыр: Р-р-р, менің қарным аш, сендерді жеп қоям!</p> <p>Ақ лақ: Қасеке, әнеки, ана төбенің басында, қара тастың қасында, бізді Арыстан күтіп отыр.</p> <p>Қара лақ: Бәәә, Арыстанды қара.</p> <p>Тәрбиеші : Қасқыр қатты сасқалақтайды, әрі-бері алақтап тұрады. Қасқыр: Бәлесінен аулақ. Бар жандарыңның барында</p>	<p><i>(умаждалған), атам ... (риза), бала ... (малтыды), ақылды ... (мұғалім), үлкен(үй), әкем ... (риза), киіз үйдің (уығы), ... жайылды (мал) т.б.</i></p> <p>Дәптермен жұмыс <i>(графикалық жұмыс)</i></p> <p>Штрихта. Бастыр.</p> <p>2. Математика негіздері Геометриялық денелер: шар, текше, цилиндр.</p> <p>Шеңбермен және тіктөрт бұрышты салыстыру арқылы геометриялық пішінмен таныстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Максат қою (проблемалық жағдаят). Жұптық жұмыс.</p> <p>Үстелдерде пішіндердің дөңгелек, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш жинақтары салынған конверттер жатыр. Тапсырманы түсіндіреді.</p> <p>Кез келген бала хатқалтадан пішінді шығарып, оны атайды, ал екінші бала қоршаған ортадағы осындай пішіндегі затты атайды.</p> <p>Одан кейін рөлдерімен ауысады. Геометриялық пішіндермен топтық жұмыс. Балалар, қолдарыңа текше мен шаршыларды алыңдар. Осы фигураларды салыстырыңдар. Цилиндрмен</p>	<p>Етік киіп аламыз. Топ-топ-топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз, Тонды киіп аламыз. Шанаменен зулаймыз. Шынығамыз жалықпай, Коньки, шаңғы тебеміз. Қима суреттермен жұмыс.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет». Тәрбиеші киімдерді атайды, балалар сөзді қайталап суретін көрсетеді. Жұмыс дәптерімен жұмыс. Киімдерді ата. Қыста қандай киім киеді? Кім не киеді? Дөңгелектерді сәйкес тендіріп боя. Арманның киімі мен Сәуленің киімін сәйкес түспен бояйды. Суреттегі киімдерді айтқызу. <i>Қыз көйлек киеді. Ұл шалбар киеді.</i></p> <p>3. Математика негіздері Конус, текше, көпбұрыш. Шеңбермен және тіктөрт бұрышты салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне саяхат жасаймыз. Геометриялық елде барлық жерде геометриялық пішіндер бар. Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық</p>	<p>- «к.ү.н.», - «қ.ұ.с.», «к.о.я.н.», - «с.и.ы.р.» , - «а.с.ы.қ.» , - «е.с.і.к.», - «с.а.ғ.а.т.», - «т.а.б.а.қ.», - «ж.е.р.».</p> <p>Балалар, сендер қандай тағамдарды ұнатасындар? Балалар, денсаулыққа пайдалы тағамдармен тамақтану қажет. Ал А, В, С, Д, Е – осы адам ағзасына қажетті дәрумендердің атаулары. Біз оларды тағамдардан аламыз. А дәрумені өсу мен көру дәрумені деп атауға болады, себебі ол арқылы сен жақсы өсесің, ал көзің тамаша көреді.</p> <p>В тобының дәрумендері мидың дамуына әсер етеді.</p> <p>С дәрумені «күшті имунитет дәрумені» деп атауға болады, себебі ол арқылы сен аурулардан қорғанасың.</p> <p>Е дәрумені сені күшті, әрі төзімді етеді. Д дәрумені сенің сүйегіңді мықты етеді.</p> <p>Дәптермен жұмыс. Суреттерді ата. Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк түсті сандықпен, дауысты дыбыстан басталатын сөзді қызыл түсті сандықпен сызып қос. Дыбыстық талдау жаса. Суреттерді штрихта.</p> <p>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.</p> <p>3. Қоршаған ортамен танысу Киіз үйдің жабдықтары. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу.</p> <p>Сурет арқылы киіз үй</p>
--	--	--	--	--

<p><i>орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір,(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і).</i> Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттыңдар? (Дауысты дыбыстан басталатын). Оны қайдан білдік? Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетем айттып, бірінші дыбысына мән беріндер. Мысалы: <i>пияз(п), ферма(ф), пима(п), түн(т), күй(к), хат(х), щетка(щ), күрек(к), шана(ш), сырмақ(с), таға(т), халық(х).</i> Дәптермен жұмыс Суреттерді ата. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін сары түсті қарындашпен қорша, жіңішке дауысты дыбыстан басталатын заттың суретін қызыл қарындашпен қорша. Бағдаршамның қай түстерінің атауында л дыбысы бар? Сөздерді буынға бөл. Дыбыстық талдау жаса.</p> <p>3. Музыка Қыс келді. Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына сәйкес би қимылдарын орындай білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені</p>	<p>кетіндер, түге! Тәрбиеші: <i>Қасқыр қаша жөнеледі.</i> Ақ лақ, Қара лақ: Алақай!!! Тәрбиеші: <i>осылайша қорықпаған екі лақ, қырды асып өз үйірлерін табады.</i> Жұмыс дәптермен жұмыс Суреттер бойынша ертегінің ретімен әңгімеле. Суретке қарап, ата. Атауында «Қ» дыбысы бар жануарларды қорша.</p> <p>3. Математика негіздері Геометриялық фигуралар: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш. Шеңбермен және тіктөрт бұрышты салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.</p> <p>«Мені таны» ойыны. Жұмбақ оқиды, балалар оның шешімін тауып, пішіндер бейнеленген карточкаларды көрсетеді. <i>Сен маған мұқият қара, Менің үш қабырғам, Үш бұрышым, үш ұшым бар. (Үшбұрыш.)</i> Жинақтан пішіндерді іздеп, оларды көрсетеді. <i>Үшбұрыш Сопақша да емеспін, Үшбұрышқа дос емеспін, Тікбұрышқа аға болам,</i></p>	<p>дөңгелекті салыстырындар. Цилиндр мен дөңгелектің қандай ортақ қасиеттері бар екенін кім түсіндіре алады? Одан кейін практикалық жұмыс. Цилиндрдің негізінде саусақпен, қарындашпен қағазда жүргізіңіз. Қандай пішін пайда болды? 1-тапсырманы дәптерде өздігінен орындау. Практикалық жұмысты орындайды. Балалар практикалық жұмысты орындап, заттарды тексеріп, олардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын табады, сұрақтарға жауап береді. 2-тапсырманы өздігінен дәптерде орындайды.</p> <p>3. Көркем әдебиет Шынықсын денеміз. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. -Денсаулығың мықты болсын! -Шымыр болып өс! Жұмбақ жасыру. Қыста ғана болады, ұстасаң, қолың тоңады. Қар. Қимылды ойын. Кім жылдам? Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Ортада белгі көрсетілген. Балалар көрсетілген белгіге сырғанап жетіп, өз орындарына</p>	<p>пішіндерді көріп тұрсындар. Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. Балалар, мына бұйымдарға қараңдар. Олар қандай пішіндерден жасалған? Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі сабақта қандай пішін дермен жұмыс істейміз? «Затты тап» ойыны. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрау. 1-тапсырманы қарап, оны өздігінен орындау. Тапсырманы түсіндіру: пішіндерді екі белгі – пішін мен түс бойынша бөліндер. Топтардың әрқайсысына пішін мен түс көрсетілген карточка таратылады. Одан кейін өзара тексеру ұйымдастырылады. Бұйымдарды қарап, пішіндерді атайды. Өз бұйымдарын құрастырады. Балалар топтарға бөлініп, топтарда талқылап, заттарды атайды. Әрбір дұрыс жауап үшін фишка алады. Фишкаларды ең көп жинаған топ жеңімпаз атанады. Топтардың әрқайсысы өз белгілері бойынша пішіндерді таңдап, жинастырады. Фигураларды талдап, өзара салыстырады.</p> <p>4. Музыка Қыс келді. Лирикалық, вальс ырғағында баяу әуендерді қабылдау, әннің сипатына</p>	<p>жабдықтарын таныстыру. Киіз ауа райының қандай жағдайын дада пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ сықырлауық (жарма есігі). Кереге-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі. Шаңырақ киіз үйдің уықтарын біріктіріп, еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер. Уық-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық. Киіз есік-сықырлауықты жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши, астары жарғақ терден жасалады. Үй жиһаздары: Абажа-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі. Ағаштан жасалып, киізбен, былғарымен қапталған. Кебежесүр ет, құрт, шай салып сақтау үшін ағаштан жасап өрнектеген үй жиһазы. Әбдіре-зат сақтайтын үлкен сандық. Сырты қаңылтыр мен әшекейленіп қапалады. Ағаш төсек-жату үшін пайдаланатын үй жиһазы. Асадал-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеже. Жастықағаш-ерте кезде жастықтың астына салынатын ағаш тиянақ. Адалбақан-киім ілуге арналған үй жиһазы. Жүкаяқ-үйде жүк астына қоятын ағаш зат.</p>
---	--	--	---	---

<p>жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақпен жүреді. Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету. Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау. Әннің көңіл күйін сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова). Ән айтар алдында балаларға ән айту ережелерін еске түсіру.</p> <p>Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев). Үйренген «Зырлайды шанамыз» әнін (М. Маңғытаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.</p> <p>Балалар музыкаға ілесіп қоянның «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). 1-4 такт. Балалар әр бағытта жүгіреді. 5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. 7-8 такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына</p>	<p><i>Шаршы деген мен болам. (Шаршы.) Денемнен бұрыштар табылмайды, Бірақ көп нәрсе бір маған ұқсайды:</i></p> <p><i>Әртүрлі табақтар, Легендер, медальдар. Олар адамдарға өте керек, Атым менің (дөңгелек). Менен де бұрыштар таппайсың, Дөңгелекке аз гана ұқсаймын, Екі жағымнан қысыңқырап, Екі жағымнан сәл созыңқырап. (Сопақша.) Мына шелекке қара –Қақпағы мен түбі бар, Екі дөңгелекті қосқан –Бір фигураны алған. (Цилиндр.)</i></p> <p><i>Бұл дене доп болып секіреді, Қарбыз болып домалайды, Толықсыған ай болып күлімдейді, Күн болып жарқырайды.</i></p> <p><i>Ол қалай аталады? (Шар.)</i></p> <p>Балалар, біз қандай геометриялық пішіндерді білеміз? (Пішіндерді тактада көрсету). Қоршаған ортадан дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттарды атаңдар. Тәрбиеші дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, текше, шар, цилиндрге ұқсайтын заттар бейнеленген суреттерді көрсетеді.</p> <p>Практикалық жұмыс.</p> <p>Балалар, қызыл сопақшаны алып, саусақпен жиегін сипап</p>	<p>сырғанап келуі керек.</p> <p>Б. Соқпақбаев Шынықсын денеміз өлеңін жаттау.</p> <p>Жүріңдер, балалар, Сырғанақ тебеміз.</p> <p>Құрыспай, құрыштай, Шынықсын денеміз.</p> <p>Қыста ауырмас үшін не істеу керек? Сырғанақ теуіп ойнасақ, қандай бала боламыз? Жас ұланмын шыныққан, Жасқанбаймын суықтан.</p> <p>Қардан жасап аққала, Сырғанаймын шаттана.</p> <p>Жұмбақтарды шеш.</p> <p>Қайқы тұмсық, қос табан, қос таяқпен ұштаған. Шаңғы.</p> <p>Қыста үйге кірмейді, шойын жолдан аумайды. Шана.</p> <p>Дидактикалық ойын.</p> <p>Кім тез шананы құрайды?</p> <p>Ойын шарты: Бірнеше қиып алынған шана бөліктері. Берілген белгі бойынша балаларшананы құрастырады.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Желді қуып жет.</p> <p>Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар; екі бала жұптасып жасайды; бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады, гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтереді. Сапқа және тізбекке бір-бірден тұрады, тізбекпен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру; тоқтамастан баяу</p>	<p>сәйкес би қимылдарын орындай білу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақпен жүреді. Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу.</p> <p>Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету. Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау. Әннің көңіл күйін сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.</p> <p>Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова). Ән айтар алдында балаларға ән айту ережелерін еске түсіру.</p> <p>Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев). Үйренген «Зырлайды шанамыз» әнін (М. Маңғытаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.</p> <p>Балалар музыкаға ілесіп қоянның «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренеді.</p> <p>Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). 1-4 такт. Балалар әр бағытта</p>	<p>Сандық-киім-кешек, т.б. зат салуға арналған үй жиһазы.</p> <p>Төсеніштер: алаша, киіз, сырмақ.</p> <p>Тұскиіз-сәндік үшін төсектің тұсына тұтатын үй бұйымы.</p> <p>Қоржын-екі жағын тең етіп, тоқыған, не құрап тіккен зат салатын дорба. Аяққап-ыдыс – аяқ салатын қапшық. Екі бетін киізден тігіп, бетін ою-өрнек салып не кестелеп әшекейлейді.</p> <p>Дидактикалық ойын:</p> <p>Киіз үйді құрастыр.</p> <p>4. Дене шынықтыру</p> <p>Жайлаудағы ойындар. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.</p> <p>Сезімдік ойын:</p> <p>«Табиғаттың төрт құдіреті»</p> <p>Жайлаудағы ойындар мен шопандардың жылқышылардың шаруасы жайлы әңгімелерді жалғастыру. Балалар залда бытырап жүреді. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» десе, қолдарын төмен түсіреді, егер «су» десе, қолдарын алға созып, суда малтаған сынай көрсетеді, «ауа» десе, құстай ұшып бара жатқандай болады, «от» десе, қолдарын созып алай-дүлей айналдыра бастайды. Бастаушының нұсқауларын бұлжытпай орындайды. Егер «жер» - десе қолдарын төмен түсіреді, егер «су» - десе қолдарын алға созып, суда малтаған сынай көрсетеді, «ауа» - десе құстай ұшып бара</p>
--	--	--	--	--

<p>жүгіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні 4.Дене шынықтыру Қыстаудағы ойындар. Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумн,спортпен айналысуға баулу. Сырықтар жерде жатыр. Қол жаттығуларын орындай отырып, шеңбер бойымен «құрықтарды» аттап жүру.3-4 баладан жүруге болады.Аяқты саннан 90° көтеріп, аяқты алдымен ұшына, сосын өкшеге түсіріп қою. Ырғақпен, қолды еркін ұстап, кідіріспен тыныс алып жүгіру.Негізгі жаттығуларды орындау үшін 4 тізбекке сапқа тұру.Ұзын ағашпен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары.Өз қимылын басқа балалармен үйлестіреді. Қолдарын шынтақтан бүгіп, жаттығулар кешені біткенше арқаны тік ұстауға тырысады.Текшелер мен сырық (ұзын ағаштармен) орындалатын негізгі қимылдарды орындау. Секірулер: сырықты жалғыз аяқпен секіріп, ілгері қарай айналып жүру. Секіргенде аяқтың басымен итеріліп, аяқтың басына қайта түсу. «Ең сақ кім екен?» Текшелерге көтеріп қойылған сырықтардың</p>	<p>өтіңдер. Сопакшаның бұрыштары бар ма? Қабырғалары бар ма? Сопакша қандай пішінге ұқсайды? Қызыл сопақшаның үстіне жасыл дөңгелекті салыңдар. (Пішіндердің өлшемі бірдей болуы тиіс).Атауларды қайталайды. Олардықоршаған ортадағы заттармен салыстырады, неге ұқсайтыны туралы қорытынды жасайды. Таратуға арналған материалмен жұмыс істейді, геометриялық пішіндерді–сопақша мен дөңгелекті тексереді. 4.Шығармашылық іс-әрекет Ормандағы қоян. Жапсыру:Сюжеттік композициялар жасау, жеке және топпен бірлесіп жасау. Мүсіндеу:қалауы бойынша мүсіндеужәне қосымша заттармен безендіру. Сурет салу:түсті таңдау,жаңа түстер және реңктерді бояуды араластыру арқылы шығару. Құрастыру:табиғи,қалдық материалдардан құрастыру. Көңілді тренинг: «Менің көңіл күйім тамаша». Мақсаты: жағымды көңіл күй тудыру. Балалар оң және сол жақтағы достарына «Менің көңіл күйім тамаша» деп қолдарын кезекпен бұлғау керек.Балалар, бүгін бізді қоян қысқы орманға саяхат</p>	<p>қарқынмен жүгіру (1,5 минут).Тыныс алу жаттығуы. «Біз спортпен айналысамыз, сондықтан жылдам өсеміз» – қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен тұру – тыныс алу.«Күннен-күнге бойымыз өсіп барады» – қолды төмен түсіріп, барлық табанмен еденге түсу дем шығару.Сап түзеп залдың бір шетінен қарама-қарсы жаққа жүру.Екі-екіден тізбекке, сапқа тұрады, қарама-қарсы жаққа жүреді, жүгіреді, адымдарын байқап басады, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. Жаттығуды орындағанда әуеде бейнелеуге саусақпен жүргізіп, сурет салып көмектесу.Коорданацяны дамыту жаттығулары: «Көз-қол»«Көздерімен атыс» оңға – солға, жоғары – төмен (6 рет).көздерімен сағат тілімен 6 шеңбер, сағат тіліне қарсы 6 шеңбер салу.1–9 сандарын көздерімен жазу.Көздерімен көлденең 6 сегізді жазу. Көздерімен сағат тілімен 6 үшбұрыш, сағат тіліне қарсы 6 үшбұрыш салу.Сағат тілімен көздерімен үшбұрыш,шаршы, шеңбер салу, сағат тіліне қарсы сол фигуралардысалы. «Желпуіш саламыз» Шаңғының ұшын 180°айнала қозғалып,бұрылады. «Тоннель».Алаң бойымен бағандарға байланған</p>	<p>жүгіреді. 5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. 7-8 такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні</p>	<p>жатқандай болады, «от» десе қолдарын созып, алға, артқа айналдыра бастайды.Фитболмен орындалатын арқа омыртқасын түзету жалпы жаттығуларын орындау.Фитболды түрлі бағыттарға сырғанату.Музыка әуенімен фитболды, басқаларды қағып кетпей, түрлі бағытта алып жүреді. Музыка тоқтағанда барлығы орнында тоқтап, қатып қалады.Түрлі биіктіктегі арқандардан секіру.Әр арқанға сай екпін алу, аяқпен тірелу және қолдарын уақытылы сермеп секіру.40-30-20 см биіктіктегі арқанның астынан өту.Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілі таңдалады.Кедергінің биіктігіне қарай одан өту тәсілін таңдай отырып, барлық білім-біліктерін қолдануға тырысады. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қарсыласыңды көтер» Балалар бір-біріне қарама-қарсы отырады. Түзу қолдарына гимнастикалық таяқшаны ұстап, табанымен тіреледі. Белгі бойынша, әр ойыншы таяқты өзіне тартып, қарсыласын орнынан жұлып алуға тырысады. Қарсыласын жұлып тұрғызған бала жеңеді.Таяқты жоғары көтеріп, жан-жаққа сермеуге болмайды.</p>
--	---	---	--	---

	<p>астынантүрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өту.Түрлі әдіспен (шынтақтап жорғалап, еңбектеп, шалқалап жатып) залдың бір жағынан екінші жағына дейін өтеді.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал». (10 рет) Допты лақтырып, қалаған тәсілмен қайта қағып алады.Допты кеудесіне қыспай, екі қолдап қағуға тырысады. Допты жерге құлатпаған жеңіске жетеді.</p>	<p>жасауға шақырды. Ал көне, көзімізді жұмып орманның бейнесін көз алдымызға елестетіп көрейік. Диалогті оқу арқылы ашық сұрақтар қоя отырып қыс мезгілі туралы білімдерін мнемокесте сызбасы арқылы нақтылау. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыста айнала қандай түске боялады? Қыста аспаннан не жауады? Қардың түсі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойындар ойналады? Орманда қандай аңдарды кездестіруге болады?</p> <p>«Фотоаппарат» ойыны. Аңдарды суретке түсіру кезінде сыртқы ерекшелігіне қарай сипаттау.. Жан-жағына алақ-жұлақ етіп келе жатқан аң? Апанында ұйықтап жатқан аң? Ағаштың басында жаңғағын кеміріп отырған сүйкімді аң? Аяғының ұшымен, білдірмей жүріп, кулығын асырып жүретін аң? Үлестірмелі материал.</p> <p>«Ормандағы қоян» тақырыбындағы сюжетті сурет.Балаларға қоянның дене бөліктерін, азығын, айналасындағы ағашты, жауып тұрған қарды қандай геометриялық пішіндердің элементтерінен дайындауға болатынын түсіндіру. Сюжеттегі бейнелердің қандай геометриялық пішіндерден дайындалғаны</p>	<p>бауларды түрлі биіктікте тартып қою.</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Ақшақарлар мен тентек жел» (тыныс алу гимнастикасын орындау) Балалар екі топқа бөлінеді. «Ақшақарлар» аяғының ұшымен билеп, айнала ұшып жүреді. «Тентек желдер» дем алады.Тәрбиеші:«Желтұрды!» –дегенде «тентек желдер» шығып, «ш-ш-ш-ш-ш» деп оларды ұшыра бастайды. «Ақшақарлар» қашып, жата қалады, тығылады.</p>		
--	--	---	---	--	--

		<p>туралы талдау жұмысын жүргізу. Қоянның дене бөліктерін үлгіден кийіп дайындап алу. Басын, денесін шаршылардың бұрышын қию арқылы дөңгелек пішінге айналдыру арқылы дайындау. Алдыңғы және артқы аяқтарын, ұзын құлақтарын дөңгелек пішінді екіге бүктеп симметриялы кесінді арқылы кесіп дайындау. Ормандағы қар омбыларында дөңгелектерді екіге бүктеп қию арқылы дайындау. Шыршаның бейнесін шаршының бұрыштарын екіге бүктеп үшбұрыш пішінге келтіріп қию. Қоянның сәбізін пішіннің бұрыштарын қию арқылы дайындау, сабағын қалдық қағаздардан дайындау. Қалдық қағаз бөлшектерінен қар түйіршіктерін жырту тәсілі арқылы дайындау және қоянның көзін, аузын, мұрнын қажетті түстерді қолдана отырып дайындау. Дайын кесілген пішіндерді қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай отырып орналастырып жапсыру. Балалар шығармашылығы.</p>			
Серуенге дайындық	Өз бетінше киіну және белгілі бір ретпен шешіну, заттарыңызды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, сондай-ақ әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту				
Серуен	<p>Боранды бақылау Мақсаты: қыстың белгілері туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: кіре берісті қардан</p>	<p>Қарлы боранды бақылау Мақсаты: қыстың белгілері туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: қар үйіндісін</p>	<p>Ұшқан қар ұшқынын бақылау Мақсаты: байқағыштықты дамыту; табиғаттағы өзгерістерді байқауға үйрету.</p>	<p>Әртүрлі ауа-райында қардың жай-күйін бақылау Мақсаты: сөздікті белсендіру; себептері мен салдарын</p>	<p>Терезедегі қар өрнектерінің пайда болуын бақылау Мақсаты: байқағыштықты дамыту.</p>

	<p>тазарту. «Қарға сурет салу» ойын жаттығуы. «Дауыстан тану» дидактикалық ойыны Мақсаты: есту қабілетін дамыту «Оқтау тартыс (арқан тартыс)» қимылды ойыны Мақсаты: күшті дамыту. «Нысананы көзде» қимылды ойыны Мақсаты: лақтыру дағдыларын, көзбен өлшеуді дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>салу. «Тұзақ» қимылды ойыны Мақсаты: жүгіруді, қимылды үйлестіруді дамыту; басқалар мен соқтығыспай жүгіруді үйлестіру. «Көкпар» қимылды ойыны Мақсаты: Затты берудегі жылдамдықты, ептілікті жетілдіру. «Кім алысқа лақтырады» ойын жаттығуы Мақсаты: алысқа қар лақтыру дағдысын дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Еңбек қызметі: ғимараттарды қардан тазарту. «Орман алаңқайы» қимылды ойын Мақсаты: екі аяқпен секіруді дамыту. Балалармен қозғалыстарды дамыту бойынша жеке жұмыс – лақтыру. «Таны да, ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: аумаққа ұшып келген құстар туралы білімді бекіту. Шығарылатын материалмен ойындар: мұзшана, күректер. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>түсіндіру қабілетін дамыту. Еңбек қызметі: қардан мүсіншелер жасау. «Қар үймегімен жүру» ойын жаттығуы Мақсаты: қозғалыстарды үйлестіруді жетілдіру. «Қармен жүр және оның аяқ астында сықырын тыңда» ойын тапсырмасы «Теңіз толқиды» қимылды ойыны Мақсаты: қиялды, фантазияны дамыту. Қашықтағы материал ойындары: күректер. (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Қаңтар – ең суық ай» әңгімелесу Мақсаты: қыс айлары туралы білімді бекіту. Еңбек қызметі: аулаға ұшып келген құстарды тамақтандырамыз. «Қояндар мен қасқыр» қимылды ойыны Мақсаты: қозғалыс белсенділігін дамыту. «Қысқы қызықтар» қимылды ойыны Мақсаты: сөйлеуді қозғалыспен үйлестіруді, жалпы сөйлеу дағдысын дамыту. Шығарылатын материалмен ойындар «Мұз жолымен сырғанау». (Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту)</p>
Серуеннен оралу	Шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру.. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу)				
Балалардың өзіндік жұмысы	<p>«Үй салу» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың техниканың рөлі мен құрылыстың әртүрлі кезеңдері, сондай-ақ құрылысшы мамандығы туралы білімдерін бекіту және кеңейту. (Қоршаған ортамен танысу + құрастыру + сөйлеуді дамыту) «Кім әрекетті көбірек атайды?» дидактикалық ойын Мақсаты: адамдардың іс-әрекеттерін мамандықпен байланыстыра білу, сөздікті белсендіру. (Сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Біз кемеде жүземіз» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың су көлігі және оның мақсаты туралы білімдерін кеңейту және нақтылау, ойын тәжірибесі мен сөздігін байыту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Ұқсайды - ұқсамайды» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды салыстыру, түсі, пішіні, мөлшері, материалы</p>	<p>Театр қызметі: Цирк қойылымы Мақсаты: цирк әртістерінің мамандықтарымен таныстыру; цирк нөмірлерін ойлап табу процесінде балалардың қиялын дамыту. (Көркем әдебиет + музыка) «Тест» - сұрақтар, жауаптар дидактикалық ойыны Мақсаты: логикалық ойлауды, сөйлеуді, есте сақтауды дамыту. (Математика + сөйлеуді дамыту)</p>	<p>«Аурухана» сюжетті-рөлдік ойыны Мақсаты: балалардың дәрігерлік кәсіптер, жұмыс орны, еңбек әрекеттері, еңбек құралдары, еңбектің қоғамдық маңызы туралы білімдерін бекіту. (Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) «Менің кім екенімді тап?» дидактикалық ойын Мақсаты: балалардың пантомималық шығаруын дамыту. (Сөйлеуді дамыту +</p>	<p>«Бұл бола ма?» дидактикалық ойын Мақсаты: өмірдегі дұрыс құбылыстар туралы түсінікті қалыптастыру. (Қоршаған ортамен танысу) «Керісінше айт» ойын жаттығуы Мақсаты: сөздерді таңдау. (Сөйлеуді дамыту) «Түтікшеге қара» жаттығуы Мақсаты: танымдық-зерттеушілік мінез-құлықты дамыту, заттың қарама-қарсы қасиеттерін игеру. (Қоршаған</p>

	«Ұшады-ұшпайды» қимылды ойыны Мақсаты: ойлауды, реакцияны дамыту. (Сөйлеуді дамыту)	бойынша ұқсастық белгілерін байқау. (Математика + сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын «Мен өзім не жасай аламын?» Мақсаты: балалардың еңбек дағдылары, өзіне-өзі қызмет көрсету және өзара көмек туралы түсініктерін дамыту. (Қоршаған ортамен танысу)	Балалардың қалауы бойынша үстел ойындары. Таңдау бойынша сурет бұрышындағы жұмыс (бояулар, қарындаштар, қарындаштар, киізден жасалған қаламдар, ермексаз) Мақсаты: шығармашылық қабілеттерін дамыту. (Сурет салу)	Көркем әдебиет) «Бұйрықты орында» ойын жаттығуы (Дене шынықтыру) «Карусель» балалар арнасын қарау (ертегілер мен сүйікті мультфильмдер)	ортамен танысу) «Жұмбақтар мен жауаптар» дидактикалық ойыны Мақсаты: талдау және салыстыру. (Сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	Қарым-қатынас дағдылары «Бір сөзбен ата» дидактикалық ойыны Мақсаты: жалпылама сөздерді таңдауда жаттығу	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Қызыл бүйір бауырсақ» жаттығуы Мақсаты: танымдық қиялды, шығармашылық ойлауды, үйлесімді сөйлеуді дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Қуыршақ ауырып қалды» рөлдік ойыны Мақсаты: науқасқа қамқорлық көрсетуге үйрету; мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу	Танымдық және зияткерлік дағдылар «Санды құрастыру» (лего-конструкция) Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; сандарды құрастыруды үйрету	Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Бұл қандай дақ!» дидактикалық ойын Мақсаты: қиялды, шығармашылықты, қиялды дамыту. «Моншақтар» ермексазбен жұмыс Мақсаты: ермексаздан геометриялық фигураны мүсіндеу қабілеті
Балалардың үйге қайтуы	«Абайлаңыз, көктайғақ», «Аязды ауа-райы туралы ата-аналардың алты қате түсінігі» стендтік кеңестер Мақсаты: ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық білімді тарату. «Экран алдындағы бала», «Тыйымдар мен шектеулер» жеке кеңестер. Мақсаты: ата-аналарды балалардың телехабарларды көру ережелерімен таныстыру; балалардың бос уақытын ұйымдастыру үшін ата-аналардың жауапкершілігін дамыту				